

### ЗАТТАНҒАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Қазақ тілі білімі саласында сөз тіркесі синтаксисі зерттеліп келсе де, зерттеуге сұраныс тауып тұрған тақырып - субстантивтенген сөз тіркестері.

Субстантивтенген сөз тіркестерінің басыңқы сөзі сын есім, сан есім, есімдік, қимыл есім, есімше, кейде модаль сөздер мен үстеулер болады. Бұл сөз тіркестерін контекстегі формасымен талдау қажет.

Қабысу түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде өте жиі қолданылатын синтаксистік байланыс формасының бірі [1, 38 б.], [2, 9 б.]. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байла-ныс амалы сөздердің орын тәртібі екені баршаға аян [1, 38 б.], [3, 124 б.].

Қабыса байланысқан субстантив-тенген сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі. Оның бағыныңқы сыңары субстантив-тенген сын есім, субстантивтенген сан есім, субстантивтенген есімдік және субстантивтенген есімше болады.

Сын есім басыңқы сыңар болғанда, өзімен тіркесетін бағыныңқы сыңармен әртүрлі анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Көбінесе адамға байланысты кездеседі. Оның тұл-ғасына реңк беруді мақсат етеді: 1) адамның түсін; 2) ішкі сырын; 3) табиғи дене бітімін; 4) іс-қимылын;) 5) есім, сын есім мен есімдік, сын есіммен есімше, атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады. Осындай тіркесте айтылатын сөздер тобы көбінесе, бір сөзден тұрады. Олар өзара әр уақытта анық-тауыштық қатынаста айтылады: 1. *Сендей тексіздер, нәсілсіздер көп (Жұлдыз журналынан).* 2. *Мына сыпырма сыраны бірге әкеттім, жүк көтергенге керек (Егемен Қазақстан).* 3. *Жамағат жанашырым сіздерсіздер (Мұхамеджан-Бекарыс).* Бұлар өзара анықтауыштық қатынаста айтылғаны-мен, сөйлемде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Хайдарды жоқтатпайол да тойласын! – деді домалақ қара қарқылдап күліп (Егемен Қазақстан).* 3. *Өзі тоймастың көзі тоймас (мақал).* 4. *Дулат іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық (Әуезов М.).*

Осындай сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыш-тық тіркес фразалық (ритмикалық) бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады [1, 98 б.], [2, 19 б.].

Бағыныңқы сыңары зат есім, басыңқы сыңары субстантивтенген сын есімді субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: 1. *Білегі жуан бірді жығады (мақал).* 2. *Арқада қызы сұлу бай көшті деп, Торғауыттан бедеумен Қодар салды (Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырынан).* 3. *Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын, қазақтың келістірер қай баласы (Құнанбаев А.).*

Бағыныңқы сыңары сын есім, басыңқы сыңары субстантивтенген сын есімді субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: 1. *Ойпырмай, мынау жатқан шаян сары кім еді? – деді Балтабек Сарыбасқа тәніп (Мұстафин F).* Бағыныңқы сыңарлы сан есімдік, басыңқы сыңары субстантивтенген сын есімді субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: 1. *Мен мұны не мылқау, не есуас деп ойладым (Әбішев Ә.).* 2. *Өзі тоймастың көзі тоймас (мақал).*

Бағыныңқы сыңарлы есімше, басыңқы сыңары субстантивтенген сын есімді субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: *Дулат іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық (Әуезов М.).*

Басыңқы сыңары субстантивтенгенсын есім, бағыныңқы сыңары сын есімді сөз тіркестері

түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады, ол анықтауышты топтағы сын есімнің семантикалық өзгешеліктеріне байланыст. Мысалы: *Хайдарды жоқтат-пай ол да тойласын! – деді домалақ қара қарқылдап күліп (Егемен Қазақстан.) деген сөйлемдегі домалақ қара тіркесі мен жол болсын, танысайық! – деді үй қожасы шомбал қара* ((Мұстафин F.). деген сөйлемдегі шомбал қара тіркесінің басыңқы сыңар-ларының сыртқы тұлғасы бірдей, бірақ бағыныңқы сыңарларының әр түр-лілігі оларға әр түрлі мағына береді. *Домалақ қара* - салмағы үлкен, семіз қара адам дегенді білдірсе, *шомбал қара* - дене бітімі ірі, қара адам дегенді меңзейді [4, 102 б.].

Бұл мысалдарға қарағанда, субстан-тивтенген сөз тіркестерінің мазмұны, бір жағынан басыңқы сөздің мағынасымен байланыста болса, екінші жағынан, оның анықтауышы болған бағыныңқы сөздің мағынасымен байланыста болады.

**Қабыса байланысқан, басыңқы сыңары субстантивтенген сан есімді субстантивтенген сөз тіркестері.** Сан есімдер зат есімдерге тән, оларды сан жағынан анықтап тұратын, зат есімнің жетегінде айтылатын, өзінің бағы-ныңқылық дербестігі жоқ сөздер [2, 146 б.], [3, 9 б.]. Бірақ контексте сан есім субстантивтеніп, басыңқылық дербестік ала алады. Сан есімдер, зат есім сияқты. Септеліп, тәуелденеді, көптік формала-рында да тұрады [5, 39 б.]. Осы формалардың бірінде тұрып, сан есімдер үнемі субстантивтенеді. сөзбен Сан есімдер әсіресе септік жалғауларының бірінде тұрып көп субстантивтенеді. Сан есімдердің ішінде жинақтық субстантивтік сан есімдер ешбір қосымшасыз да, сөз түрлендіруші аффикстердің барлық түрін қосып та, әрі сандық мғынасын сақтап, әрі зат есімдік мағынада қолданылатынын туралы айтылып келеді. Мұндайда өздері зат есімдік мағынада, зат есім орнына тұрады [3, 168 б.].

Сан есіммен зат есім, сан есіммен үстеу күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соғысына бағынып тұрады. Әсіресе, сан есімдермен зат есімдер сөз тіркесін көп құрайды. Мысалы: 1. *Ревякин екеуі тоғыз айлық партия курсында оқыған екен (Мүсірепов F.).* 2. *Сережа үшеуің айрылмас дос болып кеткен едіңдер (Сәрсенбаев Ә.).*

Бұлар өзара анықтауыш қатынаста айтылғанымен, сөйлемде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш қызметінде жұмсалады.

Бағыныңқы сыңары үстеу, басыңқы-сыңары субстантивтенген сан есімді субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: 1. Сөйтіп дүкенге барар-даалып шыққан ақшамнан небәрі үштің біріндейі ғана қалыпты (М.Горький). 2. Тырайлап шауып келе жатқан аттылардың алдыңғы екеу-үшеуі үйме-жүйме қатар жетті (Әуезов М.). Мысалдардан көріп отыр-ғанымыз - қабыса байланысқан басыңқы сыңарлы субстантивтенген сан есімді субстантивтенген сөз тіркестерінің құрамы екі немесе үш сөзден құралып, сөйлемде көбінесе бастауыш, анық-тауыштың қызметін атқарады.

**Қабыса байланысқан басыңқы сыңары субстантивтенген есімшелі субстантивтенген сөз тіркестері.** Субстантивтенуге бейімді сөз таптарының бір түрі – есімшелер. Есімшемен зат есім, есімшемен сын есім, імшемен есімдік етістіктің есімше формалы сөздері, есімшемен етістіктің есімше формалы сөздері, есімшемен етістіктің көшемше –*ын//ін//н* тұлғалы сөздері, есімшемен үстеу сөздер атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады. Мұндай субстан-тивтенген сөз тіркестерінің басыңқы сыңарындағы есімшелер - *ған/-ген* тұлғалар. Оның себебі – есімшелердің білдіретін шақтық мағынасында: өткен шақ пен осы шақта жұмсалатын – *ған* тұлғалы анықтауыштар қимыл процесінің нәтижесін, оның басыңқы сыңармен тығыз байланысын білдіреді. Мысалы: 1. *Бесіктен белі шықпай жатып бәле іздейтіндер, ертең есейгенде қандай болар екен (Сайынқызы Г).* Басыңқы сыңары субстантивтенген есімшелі сөз тіркестерінің бағы-ныңқы сыңары ретінде көсемшенің -*ын//ін//н* тұлғалы анықтауыштары көп кездестіреді. Мысалы: 1. *Еуропа қалаларында кәсіп құлып жүргендерді қоспағанда – жиырма бес мың (Жұлдыз журна-лынан).* Бағыныңқы сыңары зат есім, басыңқы сыңары субстантивтенген есімше субстантивтенген сөз тіркесте-ріне мысал келтірейік: 1. *Бақыт іздегенің - өзіңді сылағанын, өзіңді сыйлата алғанын (Сайынқызы Г.).* 2. *Үйленді деп естідім, ал семья болғанға үйрендің ба? (Жұлдыз журналынан ).*

Бағыныңқы сыңары сын есім, басыңқы сыңары субстантивтенген есімше субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: 1. Жақынның жат болғаны қиын екен (Сайынқызы Г.).

Бағыныңқы сыңарлы етістіктің көшемше формасы, басыңқы сыңары субстантивтенген есімшелі субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: 1. Өсем деп ойламаған - өшем деп ойламайды (Сайынқызы Г.). 2. Біреуді алдап кеткісі кеп, пайда тапқысы кеп тұратындардан шын бездім (Сайынқызы Г.).

Бағыныңқы сыңары есімдік, басыңқы сыңары субстантивтенген есімшелі субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: 1. Қайда, қа-шан, қалай ұрлағанын білсем ұрлатамын ба? (Әбішев Ә.). 2. Жарық дүниеге қалай келгенінді ұмытпа, бергеннің бәрі Алланікі, Алла өзі біледі.

Басыныңқы сыңары үстеу, басыңқы сыңары субстантивтенген есімше субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: 1. Майдан даласынан шайлығып, илеуге қарай қашқандардың саны да әжептәуір көрінді.

**Қабыса байланысқан басыңқы сыңары субстантивтенген есімдікті субстантивтенген сөз тіркестері.** Есімдіктердің ішінде субстантивтеніп, сөз тіркесінің басыңқы сыңары ретінде жиі кездесетіні – жинақтау және өздік есімдіктері. 1. Біреулер қостап, екінші біреулер жоққа шығарып жатыр (Жұлдыз журналынан). 2. Бүгін де кешкі асты екеуі жанасы өздері ішіп отыр (Жұлдыз журналынан). Бағыныңқы сыңары үстеу, басыңқы сыңары субстантивтенген есімдікті субстантивтенген сөз тіркестеріне мысал келтірейік: 1. Әй, сон-да сен ғой биыл оңдалық (Жұлдыз журналынан).

**Матаса байланысқан субстантивтенген сөз тіркестері.** Дұрысында, біздің матасу дегеніміз бен кейбір сырқы ұқсастығы бары рас. Бірақ екеуі бір емес: екеуінің мазмұны да, сөз тіркесін құраудағы қызметі екі басқа. Оның соңғыдан негізгі айырмашылығы мынау: егер меңгеруде өзара байланысқан сөздердің бірі екіншісіне бағынып тұлғаланса, матасуда бағыныңқы сөз бағынатын сөзге қарай аяқас байланысады. Басқаша айтқанда, бір сөздің белгілі жалғауда тұруын керек ететін сөз оның жетегінде айтылып оған бағынып тұрады. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөзге иек артып, соның жақтық, көптік мағынасына лайық белгілі грамматикалық тұлғада айтылса, матасуда керісінше, басыңқы сөз өзіне бағынқы сөздің жақтық мағынасымен үйлесіп, тиісті грамматикалық тұлғада жұмсалады [3, 67]. Сөйте тұрып, ол бағыныңқы сөздің тиісті жалғауда айтылуын керек етеді: Мысалы: 1. Сенің біріңе колхоздың мыңды бергенін неге айтпайсың? (Мұстафин Ғ.). Мұнда тәуелдік жалғаулардағы бастауыштарға баяндауыштар бағындырып, ілік септікті сөздер олардың анықтауыштары болып тұр. Ортада сөздің бірде II-жақтық, бірде III-жақтық тұлғада айтылуы оның бағыныңқысының ерекшелігіне қарай түрленетін болады да, бұлардың қай жақта болуымен байланысты.

Матасу деген терминді қолдануда изафеттік құрылыстағы тіркестердің сол сияқты басқа сөз тіркестерімен де тізбектеліп, шиыршықтана беретінін ескеру қажет.

Изафеттік құрылыстағы сөз тіркестері мен өзара матастырып тұратын грамматикалық тұлғалар – ілік, тәуелдік жалғаулары. Сонда ондай сөз тіркестерінің бірінші сыңары ілік жалғауында айтылады да, екінші сыңары тәуелдік жалғауда болады.

**Матаса байланысқан субстантивтенген сөз тіркестерінің бірінші сыңары.** Матаса байланысқан сөздер – негізінде зат есімдер. Мысалы: 1. Менің звеном биыл бес гектар жердің үшеуінен алтыс центнерден, екеуінен жүз жиырма центнерден алып отыр (Сәрсенбаев Ә.).

Жалпы матаса байланысқан субстантивтенген сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары ретінде зат есім, есімдік қызмет атқарады. Мысалы: 1. Кез-келген кісілердің жүзден тоқсан бесі ылғи даумен келгендіктен... Олардың негізгі мағыналары мыналар: 1.Ілік жалғаулы меншік иесі бола алатын сөзге жалғанып, меншіктік қатынасы білдіреді. Мысалы: Ертеңгі түнге дейін өтетін

эшелондардың біреуінде болуы сөзсіз, оған жолығу үшін бір сөмкедегі эшелондарды көзден түгел өткізу керек (Мұқанов С). 2. Ілік жалғаулы сөз тәуелдеулі сан есім, есептік ұғымы бар зат есім және сын есімдермен тіркесіп, бөлшектеу, талғау мағыналарында да жұмсалады. Мысалы: *Бірақ олардың тек бестен бір бөлігі ғана велосипед ал-ғандар.* (М Горький).

**Матаса байланысқан субстантив-тенген сөз тіркестерінің екінші сыңары.** *Теңіздің толқыны, аттың жүйрігі, оқушылардың бесеуі, менің айтқаным, сенің өзің, бостандықтың керег.*

Сын есім изафеттік тіркестің екінші сыңары болғанда, мынадай мағынада айтылады; 1) субстантивтенген зат есім орнында тәндік мағынада жұмсалады: *Менің тентегім, қолхоздың шұбары;* 2) сын есімнің таңдауы шырай мағынасында: *Бұл –таудың биігі, Ақмоншақ аттың жүйрігі.*

Меңгеріле байланысқан субстантив-тенген сөз тіркестері. Сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары есімді, етістікті бағыныңқы сөздердің бай-ланысу формасына, тұлғасына қарап бірнеше топқа бөлуге болады. Соның бірі – меңгеріле байланысқан субстантив-тенген сөз тіркестері [7, 108].

Меңгеріле байланысатын сөз тіркестерінің ерекшелігін олардың құралу тұлғасына қарап айырамыз. Олар, барыс, шығыс, табыс, жатыс, көмектес жалғауларының бірінде болады [1, 40 б.].

Есімдердің ішінде көбінесе бастауыштың күйін, халін білдіретін сөздер субстантивтенген сөз тіркесінің басыңқы сыңары болып жиі жұмсалады.

Ол – сын есім. Мысалы: *Таудағы тарланшұбар біз едік, Исатайдың барында.* (Өтемісұлы М.).

Сонымен бірге, кейбір қимыл есімдер субстантивтенген сөз тіркесінің басыңқы сыңары ретінде жұмсалады. *Адамды орынсыз айыптау – адамды өлтіргенмен тең* (Сайынқызы Г.).

Қорыта айтқанда субстантивтенген сөз тіркестері өзара қабыса байланысады.

### **Әдебиеттер**

1. Балақаев М. Қазіргі қазақ тіл. -А., 1971.
2. Бейсенбаев К.Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаусыз тіркестерінің кейбір түрлері. -А., 1974,
3. Аблақов А. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері. -А., 1991.
4. Түсіндірме сөздік. -А., 2000.
5. Исаев С. Қазақ тілі -А., 1991.
6. Майзель С. Изафет в турецком языке. -М., 1957.
7. Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. -А., 1991.